

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі N 68 Заңы.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.**

Астанада 1999 жылғы 24 қыркүйекте жасалған Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің жеңілдетілген тәртібі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Бейресми аударма

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында  
тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің  
жеңілдетілген тәртібі туралы  
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

1996 жылғы 29 наурыздағы экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы Шартты, 1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы Келісімдерді және 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартты негізге ала отырып,

1995 жылғы 10 ақпанда қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшыларының Кеңесі қабылдаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кеден заңдары негіздерінің ережелерін ескере отырып,

өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды одан әрі кеңейтуге ұмтыла отырып, еркін сауда режимінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және Кеден одағын құруды аяқтау үшін жағдайлар туғызуға ниет білдіре отырып,

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында тауарларды еркін тасымалдау үшін жағдайларды қамтамасыз етуге ниеттене отырып,

Тараптар мемлекеттерінің аумақтарынан шығарылатын тауарлар жөнінде кеден рәсімдерін мемлекеттердің әрқайсысының ұлттық мүдделеріне нұқсан келтірмей бірізге салу және оңайлату қажеттігін мойындай отырып,

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларын басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер жайында келісті:

## **I. Жалпы ережелер**

### **1-бап**

Осы Келісімде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер кеден заңдарының Негіздеріне сәйкес анықталатын терминдер пайдаланылады.

### **2-бап**

Осы Келісім акцизделетін тауарларды, валютаны, валюталық және мәдени құндылықтарды, қару-жарақты, кеден баждары мен салықтары салынатын және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес экономикалық саясат шаралары қолданылмайтын өзге тауарларды қоспағанда, Тараптар мемлекеттерінің аумақтарынан шығарылатын және Тараптар мемлекеттерінің арасында тасымалданатын тауарларды кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

Жеке тұлғалар тасымалдайтын және өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі Тараптардың жекелеген келісімдерімен белгіленеді.

### **3-бап**

Тауарларды кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі оның орындалуын бақылау Тараптардың кеден органдарына жүктелген ұлттық заңдарды және халықаралық шарттарды сақтауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын нысандарын қолдануды көздейді.

### **4-бап**

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасындағы кеден шекараларындағы кедендік ресімдеуді оңайлату үшін, қажет болған жағдайда, Тараптардың орталық кеден органдары арасындағы екіжақты уағдаласулар негізінде бірлескен кеден бақылауын жүзеге асыру үшін өткізу пункттері құрылуы мүмкін.

### **5-бап**

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер кеден қызметтері басшыларының кеңесі тауарларды кедендік ресімдеу ережелерін бірізге салу, құжаттарды, мәліметтер мен кедендік ресімдеу және кедендік бақылау нәтижелерін өзара мойындау жөнінде шаралар қолданады.

## **II. Тауарларды кедендік ресімдеу**

### **6-бап**

Әкелінетін тауарларды кедендік ресімдеуді қызмет аймақтарында кеден шекарасын өту орындары орналасқан кеден органдары жүргізе алады.

Егер осы орындарда белгілі бір жағдайларға байланысты кедендік ресімдеу аяқталмайтындай болса немесе тауарларды тасымалдаушы тұлға кедендік ресімдеуді қызмет аймағында осы тауарларды алушы орналасқан кеден органында жүргізуге ниет білдірсе, мұндай тауарлар кедендік ресімдеу орнына кедендік бақылаумен жеткізілуге тиіс.

Әкетілетін тауарларды кедендік ресімдеу қызмет аймақтарынан тауарларды жөнелту жүзеге асырылатын кеден органдарында жүргізілуі мүмкін.

#### **7-бап**

Кеден органдары арасында тауарларды кеден бақылауымен тасымалдау оңайлатылған тәртіпте ресімделеді.

Уақытша сақтау кезеңінде тауарлар уақытша сақтау қоймаларында немесе кеден органдары анықтайтын өзге орындарда болады.

#### **8-бап**

Тауарларды кедендік ресімдеу басымдылық тәртібінде, кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын алмай жүргізіледі.

#### **9-бап**

Тауарларды мағлұмдау кеден органына көліктік не тауарға ілеспе құжаттарды не кеден мақсаттары үшін қажет мәліметтер болуға тиіс коммерциялық және басқа құжаттарды тапсыру арқылы жүргізіледі.

Мағлұмдаушылар ретінде тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдаушы тұлғалар не Тараптар мемлекеттерінде тұрақты орналасқан орны бар кеден агенттері бола алады.

#### **10-бап**

Тауарларды оңайлатылған кедендік ресімдеу рәсімінің аяқталуы тауарларды тасымалдаушы тұлғаларды аталған тауарлар жөнінде мемлекеттік бақылаудың өзге түрлері белгіленген халықаралық шарттар мен ұлттық заңдардың ережелерін сақтау және бақылаудың аталған түрлерін жүзеге асыратын тиісті органдардың нұсқауларын орындау міндеттерінен босатпайды.

### **III. Қорытынды ережелер**

#### **11-бап**

Тараптардың кез-келгені ұлттық заңдарға сәйкес осы Келісіммен анықталғандардан неғұрлым жеңілдік ережелерін белгілей алады.

#### **12-бап**

Тараптар, өзара келісім бойынша, осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалар және қосымшалар түрінде ресімделетін толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

#### **13-бап**

Осы Келісім Тараптардың бұдан бұрын жасалған халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерін қозғамайды.

#### **14-бап**

Осы Келісімді пайымдау мен қолдану кезіндегі даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі.

#### **15-бап**

Осы Келісім Тараптар келісім білдірген жағдайда 1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы Шартқа және 1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімдерге қосылған кез келген мемлекеттің қосылуына ашық.

Осы Келісімге қосылу тәртібі Тараптар арасындағы жеке хаттамамен және қосылушы Тараппен анықталатын болады.

#### **16-бап**

Әрбір Тарап осы Келісімнен бұл туралы депозитарийге шығу күніне дейін 12 айдан кешіктірмей жазбаша хабарлап, шығуы мүмкін.

#### **17-бап**

Осы Келісім Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийге Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажет ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы хабарламаны сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

1999 жылғы 24 қыркүйекте Астана қаласында түпнұсқа бір дана етіп орыс тілінде жасалды.

Түпнұсқа дана Тараптарға оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық Комитетінде сақталады.

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК